

Түркі элиталарының мектеп-медресе жүйесін реформалау тәжірибесі

ЖАРИЯЛАНДЫ
14.08.2021

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/105831/>

Сөз басында «элита» француз тілінен «қоғамның белгілі бір бөлігін құрайтын топтың ең көрнекті, таңдаулы өкілдері» деген мағына беретінін айта кеткен жөн. Қоғамның қаймағы десекте болар. Бұл анықтама «элита» деген ұғымның қоғамдағы түрлі топтардың қандай бөлігіне байланысты қолданылатындығынан анық хабар бермек. Білім беру мемлекеттің саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуында маңызды рөл атқарады. Мәдениет, салт-дәстүр мен рухани құндылықтарды жинақтай отырып қоғам мен адам өміріне үлкен әсер етеді. Қазақстанда тәуелсіздік жылдары білім саласында бірнеше реформалар қабылданған болатын. Дегенменде, жаңа заман талабымен бір ғасыр бұрын орын алған білім жүйесіндегі, әсіресе мектеп-медресе реформалары назар аударуды талап етеді. Тарихқа көз жүгіртетін болсақ алғашқы діни оқу орындары Медина қаласында VII ғасырда пайда болған. X ғасырда медреселер мешіттен бөлек мекемеге айналып, жаңа білім беру жүйесі қалыптасқан болатын. Нәтижесінде бұл медреселер діни және зайырлы білім беру орталықтарына айналған болатын. Алайда, мұсылман Ренессансынан кейін XIX-XX ғасыр аралығында бұл білім беру жүйесі реформаны қажет етті. Сондықтанда, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Қазақстанда білім берудің қалыптасуының шешуші тұстарын

және Түркі элиталарының мектеп-медресе жүйесін реформалауын сөз еткен кезде жәдидизм жайлы атап өту керек. Жәдидизм термины «усул-и джадид», демек «жаңа әдіс» деген ұғыммен байланысты. Қазақстан тарихының қазіргі заманғы зерттеушілері жәдидизмді XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басында пайда болған Ислам феномені, діни-жаңартылған реформаторлық ағым ретінде жиі бағалайды. Оның негізі мұсылман мектептерінде бірқатар зайырлы пәндер мен білім берудің жаңа әдісін енгізу болып саналады. Сонымен қатар, жәдидизм өкілдері мектептерде мемлекеттік тілде сабақ беруді, исламды реформалауды және діни қызметкердің білім саласындағы ықпалын шектеуді, ұлттық өнер мен әдебиеттің дамуын және әйелдердің теңдігін жақтады. Жәдидизмнің пайда болуындағы негізгі фактордың бірі, атап өткендей, мұсылман әлемінің ықпалының азаюы және білім жүйесінің ескіруі. Тағы бір себебі, патша саясатының түркі халықтарының қоғамдық өмірін орыстандыруға және шоқындыруға бағытталуы. Алайда білім жүйесі реформаны талап еткенімен ислам институты құлдырауға толықтай ұшыраған жоқ. Патшалық биліктің отарлау саясатына қарамастан, қазақ халқының мәдениеті мен тұрмыс деңгейін көтеруде білімнің қажет екенін ағартушылар түсінген. Мысал ретінде Шоқан Үәлиханов, Ыбырай Алтынсарин мен Әлихан Бөкейханов және Абай секілді тұлғаларды атап өтсек болады. Өз кезегінде, Шоқан Үәлиханов елдегі медреседегі сауаты аз молдалар мен әкімдерді дайындайтын оқу орындарының қажет еместігін атап өткен. Олардың орнына батыстық жүйедегідей жалпы білім беретін мектептердің ашылуын маңызды санаған. 1912 жылы Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілінің ерекшелігін ескеріп қазақ жазуына өзгерістер енгізді. Бұл «төте жазу» деп атылып, 1913 жылдан бастап медреселерде пайдалана бастады. Сондай-ақ, Ахмет Байтұрсынұлы

балаларды мектептер мен медреселерде оқытудың маңыздылығын атап өткен. Ол қазақ және орыс мектептеріндегі оқыту мәселесі туралы әңгімелейді. Қазақ балалары үшін бастапқыда 3 жыл қазақша, кейін 2 жыл орысша оқу керектігін айтқан. «Қазақша оқу жайынан» атты шығармада «бастауыш мектептер миссионерлік саясаттан тыс болуға тиіс, яғни әрбір халықтың өз тіліне, жазуына және дініне құқығы болуға тиіс» деп жазған. Халықтың білім алуын қолдаған Мұстафа Шоқай, Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Халел Досмұхамедов, Мұхамеджан Тынышпаев, Бақытжан Қаратаев және басқада қазақ зиялылары қазақ даласына жәдидиттік өзгерістердің келуіне алғышарттар жасады. Олар жәдидшілдер секілді қазақ жастарының Ресейлік және Еуропа білім беру мекемелері сияқты оқу орындарында білім алуын армандады. Бұл білім беру өзгерістері қазақ даласында XX ғасырдың басында іске асырылды. Атап кететін болсақ, XIX ғасырдың соңында қазақ жерінде «Баба ата», «Мырзабай ахун», «Маммания», «Ахмет Риза» және басқада медреселер болған. Оның ішінде кейбіреулері жәдидидшілдік білім беру жүйесі бойынша құрылған. Сондай-ақ, XX ғасырда Қызылорда, Талдықорған және Алматы өңірінде бой көтерген медреселер мәдени-ағартушылық салаға өз үлесін қосқан. Мектеп-медресе жүйесін реформалауға көшпес бұрын ескіше құрылыс қалай болғандығына тоқталайық. Мектепте 3-5 жыл, медреседе 7-12 жыл аралығында білім алған. Білім беру баланың қабілеті мен денсаулығына байланысты болды. Сол себепті сыныпта шәкірттердің жас айырмашылығы әр түрлі болған. Медресенің дәстүрлі бағдарламасына морфология, синтаксис, араб тілі, логика, философия, догматизм, мұсылман құқығы және басқада дисциплиналар кірді, ал медресенің негізгі бағдарламасы дінді оқу болды. Ана тілі дәстүрлі мұсылман мектептерінде

оқытылмаған. Сол үшін оқу аяқталғаннан кейін ана тілінде жазу және оқу дағдыларын ғана білеті

н, тек діни мәтіндерді жаттап, есте сақтайтын шәкірттер саны ұлғайды. Патшалық биліктің назарында үнемі болғандығына қарамастан ХХ ғасырда медреселер саны көбейген. Алайда бұл медреселер әлі де мұсылмандық білім берудің ортағасырлық ескіше моделін сақтаған. Алғашқы жаңа әдістемелік мектептер мен медреселер Қазақстан аумағында ХХ ғасырдың басында қалыптаса бастады. Бұл туралы «1905-1915 жылдар жаңа үлгідегі мектептер мен медреселердің кең таралған кезеңі болып саналады» деп Н. Сәбитов өзінің «Қазақтардағы мектеп пен медресе» атты еңбегінде атап өтті. Мұсылмандық мектеп-медресе жүйесін реформалауға Ресейде білім алып, елдегі білім беру құрылымына көңілі толмаған қазақ жастары үлес қосқан. Білім беру сапасын орыстардың оқу орындарындағы деңгейге дейін көтеруді қарастырды. Мысалы, Ресейлік оқу орындарында дінтану аптасына екі рет өтілсе, шет тілі, алгебра және география секілді пәндер қалған уақытта оқытылған. Бұл білім беру жүйесі ескі әдістен тиімдірек болды. Сондай-ақ, жаңаша жүйелік медреселер түлектерінде білімін ары қарай оқу орында жалғастыру мүмкіндігі болған. Халықтың өз қалауымен мамандық таңдауға жол ашылғандықтан осындай оқу орындары көбейе бастады. ХХ ғасырдың басында Қазақстанда жаңа әдісті 106 оқу орны ашылды. Сол кезеңде Қазақстанда білім іздеп жүрген адамдар санының өсуіне байланысты жаңа мектептер мен медреселер ашылды. Елімізде жұмыс істеген медреселердің барлығын атау мүмкін емес, өйткені олардың біреуі ресми рұқсатпен, ал екіншісі балаларды оқытумен жасырын түрде айналысқан. Қорытындылай келе, жаңа жүйелі мектеп-медреселердің көптеп ашылуы нәтижесінде жалпы білім берудің сапалық деңгейі

артты. Өз кезегінде, қалыптасқан дәстүрлі білім беру бағдарламасынадағы діни пәндердің қатарына жаратылыстану, тарих, география, арифметика, геометрия, риторика, гигиена, ана тілі және орыс тілі секілді зайырлы пәндердің енуі қоғамдағы білім деңгейіне оң әсерін тигізді. Ескіше кәдімшілдік жүйеден кейін мектеп-медреселерді реформалау халыққа сапалы әрі заманауи білім беруге мүмкіндік берді. Бұл тұста әрине Гаспыралы негізін қалаған жәдидизм қозғалысының ықпалы мен XX ғасырдағы қазақ элитасының қосқан үлесі зор.

КМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.